



БҰЙРЫҚ

29.12.2025

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 1218

город Уральск

**«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2025 жылғы 24 қарашадағы №265 «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын өткізу туралы» бұйрығын орындау **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында Орал қаласының 5 (3 мемлекеттік 2 жеке) мектепке дейінгі ұйымдарында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жобасы өткізілсін.

2. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының іске асыру алгоритмі, жұмыс жоспары, тізімі бекітілсін (№1,2,3 қосымшалар).

3. Батыс Қазақстан облысы әдістемелік орталығы (Г.Кубашева)

- «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының жұмысына әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетсін.

4. Орал қалалық білім беру бөлімі (А.Қайыржанова):

- пилоттық жобаның іске асыруын ұйымдастырып, нұсқаулық бойынша жұмысын өткізуін қамтамасыз етсін;

- «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының іске асырылу барысы бойынша тоқсан сайын мониторингін өткізуін бақылауға алсын;

- Пилоттық жобаны іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық есеп әзірлеп, нәтижесіне талдау жүргізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары А.Темирхановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Е.Сафуллин

**«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын іске асыру алгоритмі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының 5 (3 мемлекеттік, 2 жеке) мектепке дейінгі ұйымдарында 2026 жылдың қаңтары мен желтоқсаны аралығында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын іске асыру алгоритмі (бұдан әрі Алгоритм) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясының қорытындысы бойынша еңбекқорлық идеясын іске асыруға баса назар аудара отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру бойынша берген хаттамалық тапсырманың 1.5-тармағын орындау үшін әзірленді.

2. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасының (бұдан әрі – Пилоттық жоба) мақсаты баланы ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу.

2-тарау. Пилоттық жобаға қатысушылар

3. Пилоттық жобаға қатысушылар:

- 1) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі Министрлік);
- 2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Институт);
- 3) Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы мемлекеттік мекемесі;
- 4) Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 5) Пилоттық жобаны іске асыру тізбесіне енгізілген Орал қаласының 5 (3 мемлекеттік 2 жеке) мектепке дейінгі ұйымы (бұдан әрі – Тізбе *Қосымша 3*);
- 6) Пилоттық жобаны іске асыруға тартылған балалардың ата-аналары мен және өзге де заңды өкілдері (келісімі бойынша).

3-тарау. Пилоттық жобаға қатысушылардың іс-әрекеті мен олардың өзара іс-қимыл тәртібі

4. Пилоттық жобаға қатысушылар өз құзыреті шеңберінде келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы:
 - өз құзыреті шегінде жергілікті деңгейде Пилоттық жобаны іске асыруды қамтамасыз етеді;
 - Пилоттық жобаның іске асырылу барысы туралы Балаларды ерте дамыту институтын тоқсан сайын хабардар етеді;
 - Пилоттық жобаны іске асыру бойынша өңірлік талдамалық есепті Балаларды ерте дамыту институтына ұсынады;
- 2) Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы мен Орал қаласы білім беру бөлімі:
 - тізбеге қосылған мектепке дейінгі ұйымдарға әдістемелік қолдау көрсетеді;

- Пилоттық жобаны іске асыру мониторингін жүргізеді және оның қорытындысы туралы тоқсан сайын Білім басқармасын хабардар етеді;
- Пилоттық жобаның таңдалған бағыттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға, пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетеді;
- Пилоттық жобаны іске асыру бойынша үздік өңірлік педагогикалық тәжірибені анықтайды және оны тарату бойынша ұсынымдар қалыптастырады;
- нәтижелердің салыстырмалы мониторингі мақсатында бақылау және эксперименттік топтарды ұйымдастырады;
- кері байланыс негізінде тәрбиелеу-білім беру процесінің әдістемелерінің тиімділігіне талдау және түзету жүргізеді;
- Пилоттық жобаны іске асыру тәуекелдерін анықтайды, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін өңірлік деңгейде тұрақты семинарлар, вебинарлар мен консультациялар ұйымдастырады;
- өңірлік деңгейде педагогтер үшін тұрақты семинарлар, вебинарлар және консультациялар ұйымдастырады;

3) Мектепке дейінгі ұйымдар:

- Пилоттық жобаны іске асырады;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін және жобаның тақырыбын ескере отырып, қауіпсіз, жайлы дамытушы ортаны қамтамасыз етеді;
- Пилоттық жобаның мазмұнын мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесіне біріктіреді;
- Пилоттық жобаға тарту бойынша ата - аналармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- Пилоттық жобаны іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

4) балалардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері (келісім бойынша):

- Пилоттық жобаны іске асыруға қатысады;
- балалардың алған біліктері мен дағдыларын отбасында бекітеді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

1. Пилоттық жоба аяқталғаннан кейін:

Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-не Пилоттық жобаны іске асыру туралы өңірлік талдамалық есепті 2026 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде ұсынады.

**«ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕККЕ ЖӘНЕ КӘСІПКЕ БАУЛУ»
ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы			
1	Пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрық шығару, бекіту	Желтоқсан 2025ж.	ББ МДжОБДБ
2	Жобаның жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	Желтоқсан 2025ж.	ББ МДжОБДБ БҚО ЭО
3	Пилоттық жобаны жүзеге асыру туралы онлайн кіріспе вебинар өткізу	Желтоқсан 2025ж.	ББ МДжОБДБ БҚО ЭО
4	Пилоттық жобаның іске асыру барысын бақылау	үнемі	ББ МДжОБДБ
5	Жобаның іске асыру бойынша талдамалық есебін дайындау	Желтоқсан 2026ж.	ББ МДжОБДБ
Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы мен Орал қаласы білім беру бөлімі			
1	Пилоттық жобаны іске асыру мониторингін жүргізеді және оның қорытындысы туралы тоқсан сайын Білім басқармасын хабардар ету	Тоқсан сайын	БҚО ЭО МДТжО бөлімі Орал ҚБББ
2	Пилоттық жоба бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға, пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету	Үнемі	БҚО ЭО МДТжО бөлімі Орал ҚБББ
3	Пилоттық жобаны іске асыру тәуекелдерін анықтай отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін вебинарлар мен консультациялар ұйымдастыру	Үнемі	БҚО ЭО МДТжО бөлімі Орал ҚБББ
4	«Еңбекке және кәсіпке баулу – болашаққа бағдар» республикалық пилоттық жоба тәжірибесінен семинар-практикум	Желтоқсан 2026ж.	БҚО ЭО МДТжО бөлімі Орал ҚБББ
5	Пилоттық жоба барысында іс-шаралар ұйымдастыру (байқаулар, жобалар)	БЕДИ-нің іс-қимыл жоспарына сәйкес	БҚО ЭО МДТжО бөлімі Орал ҚБББ
Мектепке дейінгі ұйымдар			
1	Пилоттық жобаны іске асыру	Үнемі	Жоба жетекшісі

2	Балалардың жасы мен жеке ерекшеліктерін және жобаның тақырыбын ескере отырып, қауіпсіз, жайлы дамытушы ортаны қамтамасыз ету	Үнемі	Жоба жетекшісі
3	Пилоттық жобаның мазмұнын мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесіне біріктіру	Үнемі	Жоба жетекшісі
4	Пилоттық жобаға тарту бойынша ата - аналармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру	Үнемі	Жоба жетекшісі
5	Пилоттық жобаны іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (әлеуметтік желіге жариялымдар жасау)	Үнемі	Жоба жетекшісі
6	Зергерлік шеберхана бағыты бойынша «Зергер әке – еңбекқор бала» отбасылық шығармашылық байқауы	ақпан	Жоба жетекшісі
7	Аспаздық шеберхана бағыты бойынша «Ұлттық тағамдар – кішкентай аспаздар» байқауы	наурыз	Жоба жетекшісі
8	Қолөнер шеберханасы бағыты бойынша «Шебер қолдар» байқауы	маусым	Жоба жетекшісі
9	Құрылыс алаңы бағыты бойынша «Смарт қала (ауыл) – ақылды бала» байқауы	шілде	Жоба жетекшісі
10	Инженерлік зертхана бағыты бойынша «Дарынды жас инженер» байқауы	қыркүйек	Жоба жетекшісі
11	Тігінші шеберханасы бағыты бойынша «Жас дизайнер» байқауы	қазан	Жоба жетекшісі
12	Балаларды ерте жастан еңбекке және мамандыққа баулу бойынша «Кішкентай кәсіпкер» байқауы	қараша	Жоба жетекшісі
13	Жылыжай, бау-бақша алаңы бағыты бойынша «Таза орта – таза болашақ» экологиялық жобасы	жыл бойы	Жоба жетекшісі

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын іске асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

№	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Меңгерушінің аты-жөні, байланыс телефоны	Жоба жетекшісі
1	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №47 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК (Самал көшесі, 70)	Еришова Эльмира Айдынгалиевна 87056723477	Еришова Эльмира Айдынгалиевна 87112272444
2	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК (Астана ш/а 11)	Мухатова Айнагул Нурлыбаевна, 87059884330	Мухатова Айнагул Нурлыбаевна 87112313930
3	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы МКҚК (Астана ш/а 13)	Айткалиева Асем Максотовна, 87029154707	Айткалиева Асем Максотовна 87112277359
4	«Айлин-1» жеке бөбекжайы Мендыгазиев ЖК (3-й строительный переулок 4/1)	Шевер Надежда Викторовна, 87023981607	Шевер Надежда Викторовна 87017783888 87753704114
5	«Аяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі (М.Мөңкеұлы 85/3)	Рысбекова Жанна Туякбаевна 87052304145	Буентаева Менсулу Абилгазиевна 87769099111